ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 05 мамыр іс №7119-25-00-2/3711 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «ЕРМЕК» атауымен әрекет етуші Ермек Қайратұлы Сағынбай,
Жеке кәсіпкер «BEKZAT» атауымен әрекет етуші Бекзод Баходир Уғли Жумабеков,
Жеке кәсіпкер «Ибраева» атауымен әрекет етуші Гулдираем Заукенхажыкызы Ибраева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер жеке кәсіпкер «ЕРМЕК» атауымен әрекет етуші Ермек Қайратұлы Сағынбайға, жеке кәсіпкер «BEKZAT» атауымен әрекет етуші Бекзод Баходир Уғли Жумабековқа, жеке кәсіпкер «Ибраева» атауымен әрекет етуші Гулдираем Заукенхажыкызы Ибраеваға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз

Scanned with CamScanner

қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЕРМЕК» атауымен әрекет етуші Ермек Қайратұлы Сағынбай, жеке кәсіпкер «BEKZAT» атауымен әрекет етуші Бекзод Баходир Уғли Жумабеков, жеке кәсіпкер «Ибраева» атауымен әрекет етуші Гулдираем Заукенхажыкызы Ибраева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЕРМЕК» атауымен әрекет етуші Ермек Қайратұлы Сағынбайдан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне 29 959 (жиырма тоғыз мың тоғыз жүз елі тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 82 908 (сексен екі мың тоғыз жүз сегіз) теңге мөлшерінде айыппұл сомасын, 3 387 (үш мың үш жүз сексен жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЕРМЕК» атауымен әрекет етуші Ермек Қайратұлы Сағынбайдан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BEKZAT» атауымен әрекет етуші Бекзод Баходир Уғли Жумабековтан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне 64 400 (алпыс төрт мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 932 (бір мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BEKZAT» атауымен әрекет етуші Бекзод Баходир Уғли Жумабековтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ибраева» атауымен әрекет етуші Гулдираем Заукенхажыкызы Ибраевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетібаев

119-25-3-1/3379

Scanned with CamScanner

Көшірмесі дұрыс
Судья **Ж.К.Жетібаев**
Анықтама: Шешім заңды күшіне 2025 жылы 13 маусымда енді.
Судья **Ж.К.Жетібаев**

Сот өндірісі
Сотталушының мәлімдемесі
Scanned with CamScanner